

Тулекова М.К.¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры т.ғ.д.
Қазақстан, Алматы қ., tereke_55@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада тәуелсіздігін алған Орталық Азия елдеріндегі демографиялық даму мен оның ерекшеліктері мен ұқсастықтарына сипаттама беріледі. Орталық Азия елдерінің КСРО ыдырағаннан кейінгі саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуының елдегі демографиялық ахуалға тікелей әсер еткендігі статистикалық деректер арқылы талдана отырып, тәуелсіз мемлекеттердің өз елдеріндегі демографиялық тұрақты саясатының нәтижесінде халық саны, туу мен отбасындағы бала санының өсуі және елдегі миграциялық үдерістердің тұрақтануына әсер еткен факторлар талданады. Қазіргі Орталық Азия елдерінің демографиялық дамуына әсер етуші факторларларға сипаттама бере отырып халық санының өсуіне әсер еткен әлеуметтік жағдайларға талдау жасалынады.

Кілт сөздер: демография, көші қон, қуғын сүргін, промилль

Tulekova M.K. ¹

¹ Doctor of Historical Sciences, Professor of KazNPU named after Abai
Kazakhstan, Almaty

DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT OF THE INDEPENDENT COUNTRIES OF CENTRAL ASIA

Abstract

The article describes the demographic development of the new independent countries of Central Asia, its specificity and similarity. Analyzing the direct impact of the political, economic and social development of Central Asia on the demographic situation in the country after the collapse of the USSR, the factors influencing the stabilization of migration processes in the country as a result. . Analysis of social conditions affected by the growth of wages, with a description of the factors influencing the demographic development of modern Central Asia.

Keywords: demography, migration, exile, promil.

Тулекова М.К.¹

доктор исторических наук, профессор КазНПУ имени Абая
Казахстан, Алматы қ., tereke_55@mail.ru

ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМЫХ СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Аннотация

В статье описывается демографическое развитие новых независимых стран Центральной Азии, его особенности и сходства. Анализируя прямое влияние политического, экономического и социального развития Центральной Азии на демографическую ситуацию в стране после распада СССР, факторы, влияющие на стабилизацию миграционных процессов в стране в результате политики демографической стабильности независимых государств. Анализ социальных условий, повлиявших на рост заработной платы, с описанием факторов, влияющих на демографическое развитие современной Центральной Азии.

Ключевые слова: демография, миграция, репрессии, промилль

Егемендігін алған Орталық Азия елдері өзінің өткен тарихына баға бере отырып тарихтағы көп зерттелмеген, шындығы айтылмаған оқиғалар мен тарихи деректерді қайтадан ой елегінен өткізіп, қазіргі кезде өздерінің даму ерекшеліктері мен келешегі тура көптеген ғылыми зерттеулер жүргізіп отыр. Орталық Азия елдері тарихта көптеген қиыншылықтар мен тар жол тайғақ кешулерді басынан өткізді. Еркіндігінен айрылған түркі тілдес халықтар ғасырлар бойы сол еркіндіктерін қалпына келтіру жолында аянбай күресті және оның жемісін де қазір көріп отыр. Еркіндікпен қатар өз тарихын, өз тағдырлары туралы шындықтарды жазып, зерттей отырып өз келешектерінің бағдарламаларын өздері шешіп, өз шекарасын өздері қорғап, өздерінің сыртқы және ішкі саясаттарын еркін жүргізе алатындай тәуелсіздіктің тұғырына көтерілді. XX-ғасырдың соңында КСРО ыдырағаннан кейін Орталық Азия елдерінде ұлттық дамудың стратегиялық жоспарлары жасалынып, әр мемлекет өзінің саясатын белгіледі, өткен тарихына қайта оралып "ақтандақтарды" қайта зерделей бастады. Осындай шындық толық айтылмаған, бұрмаланған мәселенің бірі ол- халықтану саласы еді. КСРО кезінде Орталық Азия

мемлекеттеріндегі халық саны, оның нақты есебін жариялау, халық санақтарының сұрақтары мен оны өткізу толығымен орталықтың қолында болды. 1898 жылдан басталып 1989 жылға дейінгі патша үкіметі мен кеңестік кезеңдегі халық санақтарының барлығында да халық саны, жынысы мен білім деңгейі және жұмыспен қамту дәрежесі, этникалық құрамы туралы деректерде алшақтықтар орын алып келді. Бір ғана мысал, 1937 жылғы санақта халықтың саны күрт азайып кету себептерін ашып көрсетпеу үшін оның қорытындылары жарияланбай жоққа шығарылып, санақ қорытындылары және ол туралы деректер құпияландырылып, санақты жүргізген адамдар "халық жаулары" ретінде атылды. Осы санақтағы Орталық Азия мемлекеттері, оның ішінде Қазақстандағы халық санының 1926 жылғы халық санағымен салыстырғанда күрт азайып кетуінің себебі, қуғын - сүргін кесірінен болғандығы айтылмады, тек аздаған ғана статистикалық мәліметтер КСРО ыдырағаннан кейін ғана қолжетімді болды. Осы репрессия жылдарыдағы шындықтың беті ашылар күн енді туғандай, еліміздің Президенті Қ.Тоқаевтың жарлығымен қуғын сүргінге ұшырағандарды ақтау туралы комиссияның қайта құрылуы осының көрінісі және тәуелсіздігіміздің белгісі. Тек осы комиссиядан халық саны мен оның азайып кетуінің негізгі себептері туралы нақты ғылыми деректердің зерттеушілерге қол жетімді боларлық шешімдерін күтеміз.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдарда Қазақстанда халық санағы екі рет болған, 1999 және 2009 жылы. 1999 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 14,953 миллион адам құрған. 2009 жылғы санақ бойынша Қазақстандағы халық саны 16 миллионды құраған. Үшінші халық санағы 2020 жылы болады деп жоспарланған. Жалпы азғана шолу жасай отырып қазіргі кезде Орталық Азия елдерінде, оның ішінде Қазақстанда демографиялық жағдайдың қандай дәрежеде дамып келе жатқандығы туралы айтар болсақ Орталық Азия елдері өздерінің егемендігіне қол жеткізгеннен бастап елдегі халық санына ерекше көңіл бөліп отыр. Адам капиталы ол ешнәрсемен өлшенбейтін елдің байлығы. Бүгінгі өмірге келген бала ол елдің ертеңі. Сондықтан да ертеңін ойлаған ел өзінің бесігінен бастар дегендей, қазіргі кезде халықтану саласына мемлекет тарапынан көптеген шаралар жүзеге асырылуда. Орталық Азия елдерінің демографиялық дамуының өз ерекшеліктері мен ұқсастықтары бар. Демографиялық жағдай-бұл белгілі бір территорияда олардың қарқыны, белгілі бер кезең мен зардаптардың нәтижелерінен өтетін демографиялық процестердің (туу, өлім, миграция, неке, ажырасу) құрама сандық сипаты мен сапалы бағасы [1].

Орталық Азия елдері (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан) саяси аренадағы орны мен халқының саны жағынан ерекше орынды ала отырып халық саны 2006 жылғы есеп бойынша 58223,5 млн. адамға жетті. Адами капиталы жағынан бай аймаққа жатады. Тұрғындардың саны жағынан ең көбі Өзбекстан-26100,0 мың адам 1 шаршы метрге 56 адамнан келеді; Қазақстанда-15 219,3 мың адам, бір шаршы метрге 6 ғана адамнан келеді; Тәжікстанда -6920,3 мың адам, бір шаршы метрге 48 адамнан келеді. Ал Түрікменстанда -4845,3 мың адам, бір шаршы метрге 10 адамнан [2].

Қазақстанның қазіргі демографиялық бейнесіне толығырақ тоқталайық. Территориясының көлемі бойынша тоғызыншы орын алатын Қазақстанда бір шаршы шақырымға не бары 6,2 адамнан ғана келеді екен. Халық тығыздығы бойынша мемлекетіміз әлем елдері арасында 184-орында тұр. Тәуелсіздік алғаннан кейін Кеңес Одағының көптеген бұрынғы мемлекеттеріндегідей Қазақстанда да демографиялық дағдарыс басталды. Экономикалық жағдайдың нашарлауы бала туу көрсеткішінің күрт төмендеуіне алып келген болатын. Бірақ соңғы жылдары әлеуметтік жағдайдың жақсаруы бала туудың үздіксіз өсуіне септігін тигізді. Кесте 1

Кесте 1 Төмендегі кестеде бала туу көрсеткіші бойынша ақпараттар берілген [3]:


	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011
Қазақстан Республикасы	247946	273028	278977	301756	321963	356575	357552	367752	372544
1000 адамғашақанда									
Қазақстан Республикасы	16,63	18,19	18,42	19,71	20,79	22,75	22,00	22,53	22,50

2050 жылы өзбекстандықтар Орталық Азия халқының 43,3%-ын құрайды

БҰҰ соңғы мәліметтеріне сүйенсек, көрші елдің халық саны 2050 жылы 40,9 миллионның шамасында болады екен. Осылайша өзбекстандықтар Орталық Азиядағы 5 мемлекетте өмір сүретін халықтың 43,3%-ын құрайды. Ал Қазақстанның бүгінгі демографиялық ахуалын сараптаған мамандар аталмыш кезеңде халықтың жалпы саны – 22,9 миллионның шамасында болатындығын болжап отыр. Кесте 2 Орталық Азия мемлекеттеі ішіндегі халық саны жағынан ең алдыңғы қатарлы мемлекет Өзбекстанның халық санының өсу динамикасы берілген. Бұл мәлімет статистикалық деректерден алынған. Осы мәліметке қарай отырып Өзбекстандағы демографиялық ахуалдың бірқалыпты сақталғандығын және халық санының үнемі өсіп отырғандығын көре аламыз. Сонымен Өзбекстанда керісінше еуропалық ұлт өкілдерінің бала саны аз. оларда туу азайып отыр және бір жасқа дейінгі бала санының өлімі жоғары. Жалпы Өзбекстанда егемендік алған жылдары демографиялық ахуал соған дейінгі даму көрсеткіштеріне сай бірқалыпты дамып отырды.

Өзбекстандағы демографиялық ахуалдың өзіне тән ерекшелігі ондағы қала халқы мен ауылдық жерлердегі бала туу көрсеткіштері мен отбасындағы бала санының бірдей болуы және қала мен ауыл арасыдағы урбанизация процесінің тұрақтылығы, кейінгі кезде қаладан ауылдық жерге қоныс аудару процесінің орын алуы. Өзбекстанда қалалық жерлерде көп балалы отбасылар саны көп.

2 Кесте. Өзбекстан Республикасындағы халық санының өсім көрсеткіші[4]:



Орталық Азия мемлекеттері арасында Қырғызстан Республикасының демографиялық ахуалы бірқалыпты емес. Қырғыз халқының да КСРО ыдырағаннан кейінгі онжылдықтарда басынан өткізген экономикалық және әлеуметтік қиыншылықтары елдің демографиялық жағдайына тікелей әсер етті, сонымен бірге тәуелсіздік жылдары болған ел ішіндегі әлеуметтік шиеленістер мен жұмыспен қамту мәселесінің тұрақсыздығынан елдегі көші қон мәселесінің жоғары болуы елдегі халық санына, қала мен ауылдық жерлердегі бала туу жағынан алшақтыққа алып келді. Қырғызстан халқы ресми санақ бойынша 2018 жылы қаңтарда 6,256 миллион адамға жетті. Халқының жылдық табиғи өсімі әр жылы 150-160 мың адамға көбейіп отыр.

2017 жылғы статистика бойынша 6 млн 140 мың адамның ішінде 2 млн 64 мың адамды (халықтың жалпы санының 33,6%-і) балалар мен жасөспірімдер, 3 млн 628 мың адам (59,1%-і) – еңбекке жарамды, 448 мың адам (7,3%-і) – еңбекке жарамсыз.

Орталық Азия елдерінде егемендіктің алғашқы жылдарында демографиялық өсім бірқалыпты болмады. Бір мемлекетте туу саны өсіп отырса, екіншісінде төмендеу үрдісі орын алды.

Қазақстанда ғана 1999 жылдан 2005 жылдар арасында туу санының өсуі орын алды-217578 ден 278977-ке жетті. Ал сол жылдары біз Өзбекстандағы туудың азайғанын байқаймыз: 544788 ден 51300 (2001); Тәжікстанда-180900- ден 178000 ге кеміген(2001);

Қазақтардың тәуелсіздік жағдайында саны өсіп, үлесі көбеюі екі факторға байланысты болды: 1) табиғи өсім; 2) сыртқа кететіндерден келетіндердің көп болуы - оң айырым (сальдо), соның ішінде, әсіресе отандастарымыздың оралып, тыңғылықты орын табуы.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары экономикадағы дағдарысқа байланысты, әлеуметтік қиыншылықтар көбейген кезде тұрғындардың табиғи өсімі құлдырап түсіп кетті: 1987 жылы 18,1 промилле болса, 1998 жылы 4,6 промилле болды (бір мың адамға шаққанда, туу мен өлімнің айырмасы). Осыдан кейін біртіндеп табиғи өсім қайтадан көтеріліп, 2000 жылы - 4,9; 2005 жылы - 8,05; ал 2009 жылы 13,5 промиллеге жетті[5].

Қазақтардың қатарын өсіретін екінші бағыт - шетелдегі отандастардың қайта оралуына келсек, тәуелсіздік жылдары ресми есеп бойынша 753,4 мың, ал бұл есептен тыс өздігімен келгендерді қосқанда 1 млн. қазақ қайтып келді деген пікір бар. Қайта оралғандардың басым көпшілігі Ресей, Қытай, Моңғолия мен Өзбекстаннан, ал қалғандары Түркіменстан, Ауғанстан, Түркия, Иран және т.б. алыс-жақын шетелдерден келгендер[6].

Еліміз егемендік алған алғашқы күнінен бастап елдегі халық санына, демографиялық, миграциялық процестерге ерекше көңіл бөліп отыр. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанынан бастап өткен күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси процестер халықтың демографиялық ахуалына да өзіндік ықпал жасады. Республикадағы және аймақтардағы әлеуметтік-демографиялық жағдайға әсер ететін факторлардың бірі халықтың көші-қоны болып табылады.

Түрікмен халқының жалпы саны қазір 20,0 млн артық деген дерек бар. Түрікмендер Ауғанстан, Иран, Түркия, Ирак, Сирия секілді елдерге де жайылған. Елдегі түрікменнен кейінгі көп халық өзбектер, одан кейін орыстар. Қазақтардың саны бұрын 120,0 мыңнан асқан екен. Қазір соның жартысына жуығы атажұртқа көшіпті. Қазір 60,0 мыңға жетер-жетпес қазақ бар көрінеді. Бұлардан басқа армяндар, әзірбайжандар, түріктер, иран халықтары, т.б халықтардың өкілдері де тұрады.

Түрікменстанда тек 1999 жылы ғана туған балалар саны 88017 болды. Осыдан көріп отырғанымыздай Орталық Азия мемлекеттеріндегі демографиялық дамудың біркелкі болмауы байқалады.

Тәжікстан-бұл Орталық Азиядағы көшбасшысы мемлекет. Осы жуырда ғана Тәжікстанның 9 миллионыншы тұрғыны тіркелген. Бұл ел қарқынды демографиялық өсім көрсетіп отыр. Демографиялық өсу жағынан алғанда бұл ел екпінді дамуда. БҰҰ есептерінде Тәжікстандағы отбасылардың 55%-ы көпбалалы (6 және одан да көп бала) екендігі көрсетілген[6,182б.].

Қорыта келгенде, елдегі халық санының өсуі ол ел экономикасының дамуының көрінісі мен келешегі. Қазіргі таңда біздің шығыс көршіміз Қытай экономика көлемі бойынша АҚШ-тан кейінгі екінші орынға жайғасты. Көптеген мамандардың пайымдауынша, оның қарқынды дамуына әсер еткен факторлардың бірі – халық саны. Соңғы деректерге сүйенсек, ҚХР халқы 1,3 млрд. болып отыр. Батыстағы және Азиядағы дамыған елдердегі жұмыс күшінің қымбаттауы ондағы ірі компаниялардың арзан және сапалы еңбек ресурстарын іздеуге мәжбүрледі. Сондықтанда еліміздің саяси және экономикалық дамуының басты тетігі және оны жасай отырып дамытушы адами факторға ерекше көңіл бөле отырып елдегі демографиялық ахуалды жақсартуда Орталық Азия мемлекеттері демографиялық саясатын жақсартуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Демографический статистический сборник Казахстана, 1999. Статистический сборник.-Алма-Ата, 2000.-С.7.*
2. *Аймагамбетова Г. Т. Демографическая ситуация в странах центральной азии на современном этапе//Вестник КарГУ, 2009 г.*
3. *Алтаев А.Ш. История этносов Казахстана (1991-2016гг). Алматы: Қазақ университеті, 2018.*
4. *Төлебаев Т.Ә. Қазақстан тарихы мен тарихнамасының өзекті мәселелері.- Алматы: Қазақ университеті, 2016.*
5. *Программа демографического развития Республики Казахстан на 2001-2005 годы // Официальная газета. №46 (47), 17 ноября 2001 г.-С.4.*
6. *Тулеева М.К. Тәуелсіз Қазақстандағы көші-қон үрдісі: нәтижесі мен салдары. Алматы, 2011.*

List of references:

1. *demographic statistics of Kazakhstan, 1999. statistical data collection.- Alma-Ata, 2000.- P. 7.*
2. *Aimagambetova G. T. demographic situation in the countries of Central Asia at the modern stage//Kargu Bulletin, 2009.*
3. *Altaev A. Sh. history of ethnosov Kazakhstan (1991-2016). Almaty: Kazakh University, 2018.*
4. *Tolebayev T. A. problems of historiography and history of Kazakhstan.- Almaty: Kazakh University, 2016.*
5. *demographic development program of the Republic of Kazakhstan for 2001-2005 // official newspaper.No. 46 (47), November 17, 2001-p. 4.*
6. *Tulekova M. K. winner in independent Kazakhstan: results. Almaty, 2011.*